


PHILIPS

6000 сериясы

ТАРВ603

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

Мазмұны

1 Маңызды	3
Анықтама және қолдау	3
Қауіпсіздік	3
Өнімді күту	4
Қоршаған ортаны күту	4
Пайдаланушыларға арналған FCC сақтық ескертуі және IC мәлімдесі (тек АҚШ және Канада)	5
Талаптарға сәйкестік	5

2 Саундабарыңыз	6
Негізгі блок	6
Сымсыз сабвуфер	6
Қашықтан басқару құралы	6
Жалғағыштар	7
Қашықтан басқару құралын дайындау	8
Орналастыру	8

3 Қосу	9
Dolby Atmos®	9
HDMI (ARC) ұяшығына қосылу	9
Оптикалық ұяшыққа қосылу	10
AUX ұяшығына қосылу	10
Қуатқа қосылу	10
Сабвуфермен жұптастыру	11

4 Саундбарды пайдалану	12
Қосу және өшіру	12
Автоматты күту режимі	12
Режимдерді таңдау	12
Дыбыс деңгейін реттеу	12
Эквалайзер (EQ) әсерін таңдау	12
Төменгі жиіліктер/жоғарғы жиіліктер деңгейін реттеу	12
Dolby sound режимі	13
Дисплей жарықтығын орнату	13
Bluetooth функциясын пайдалану	13
AUX / OPTICAL / HDMI ARC	
ұяшықтарын пайдалану	14
USB функциясын пайдалану	15

5 Қабырғаға бекіту	15
---------------------------	-----------

6 Өнімнің техникалық сипаттамалары	16
---	-----------

7 Ақаулықтарды жою	17
---------------------------	-----------

1 Маңызды

Өнімді пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініңіз. Зақымды нұсқауларды орындамау тудырса, кепілдік қолданылмайды.

Анықтама және қолдау

Кеңейтілген онлайн қолдау алу үшін www.philips.com/welcome бетіне мына әрекеттерді орындау үшін кіріңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша бастау нұсқаулығын жүктеп алу
- бейне оқулықтарды көру (тек кейбір үлгілер үшін қолжетімді)
- жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу
- бізге сұрақты электрондық хабармен жіберу
- қолдау бөлімінің өкілімен сөйлесу.

Тілді таңдау үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз, содан кейін өнім үлгісінің нөмірін енгізіңіз

Я болмаса, сіз еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласа аласыз. Хабарласу алдында өніміңіздің үлгі нөмірін және сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өніміңіздің артқы немесе төменгі жағында таба аласыз.

Қауіпсіздік

Ток соғу немесе өрт қаупі бар!

- Кез келген байланыстарды орнату немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Өнімге және аксессуарларға жаңбырдың немесе судың әсерін ешқашан тигізбеңіз. Вазалар сияқты сұйықтық ыдыстарын өнім жанына ешқашан қоймаңыз. Егер өнімге немесе оның ішіне сұйықтықтар төгілсе, оны розеткадан ажыратыңыз. Пайдалану алдында өнімді тексеруі үшін тұтынушыларды қолдау орталығына дереу хабарласыңыз.

- Өнімді және аксессуарларды ашық оттың немесе басқа жылу көздерінің жанында, соның ішінде тік күн жарығының астында ешқашан қоймаңыз.
- Өнімдегі желдету саңылауларына немесе басқа саңылауларға заттарды ешқашан салмаңыз.
- Желілік аша немесе құрылғы жалғастырғышы ажырату құралы ретінде пайдаланғанда, ажырату құралы пайдалануға дайын болуы керек.
- Батареяға (батареялар жинағы немесе батареялар орнатылған) күн жарығы, от немесе сол сияқтылардың артық жылу әсерін тигізбеу керек.
- Найзағайлардың алдында өнімді розеткадан ажыратыңыз.
- Қуат сымын ажырату кезінде кабельден ешқашан тартпаңыз, әрқашан ашадан тартыңыз.

Қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі бар!

- Идентификацияны және қуат көзінің көрсеткіштерін өнімнің артқы немесе төменгі жағындағы түр тақтайшасында қараңыз.
- Өнімді розеткаға қосу алдында қуат кернеуі өнімнің артқы немесе төменгі жағында басылған мәнге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Кернеу басқа болса, өнімді розеткаға ешқашан қоспаңыз.

Жарақат алу немесе осы өнімнің зақымдалуы қаупі бар!

- Қабырғаға бекіту үшін бұл өнімді орнату туралы нұсқауларға сай қабырғаға берік түрде бекіту керек. Тек жинақтағы қабырғаға бекіту кронштейнін (қолжетімді болса) пайдаланыңыз. Қабырғаға тиісті емес бекіту сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Кез келген сұрауыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Қуат сымдарына немесе басқа электр жабдыққа өнімді немесе заттарды ешқашан қоймаңыз.
- Егер өнім 5°C-тан төмен температураларда тасымалданса, өнімді орауыштан шығарыңыз және розеткаға қосу алдында оның температурасы бөлме температурасымен бірдей болғанша күтіңіз.
- Бұл өнімнің бөліктері шыныдан жасалуы мүмкін. Жарақатты және зақымды болдырмау үшін ақырын ұстаңыз.

Қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тр кеңістікте ешқашан орнатпаңыз. Желдету үшін өнімнің айналасында әрқашан кемінде төрт дюйм кеңістік қалдырыңыз. Өнімдегі желдету жаңылауларын перделердің немесе басқа заттардың ешқашан жаппауын қамтамасыз етіңіз.

Ластану қаупі бар!

- Батареяларды (ескі және жаңа немесе көміртеккі және сілтілі, т.б.) араластырмаңыз.
- **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ:** Батареялар дұрыс емес ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Тек бірдей немесе баламалы түріне ауыстырыңыз.
- Таусылған болса немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, батареяларды шығарыңыз.
- Батареялар химиялық заттарды қамтиды, оларды қоқысқа тиісті түрде лақтыру керек.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнім/қашықтан басқару құралы жұтылуы мүмкін тиын/түймешік түріне жататын батареяны қамтуы мүмкін. Батареяны әрқашан балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылса, батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Жұтқаннан кейін екі сағат ішінде қатты ішкі күйіктер орын алуы мүмкін.
- Батарея жұтылған немесе дененің кез келген бөлігінің ішіне қойылған деп күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмек алыңыз.
- Батареяларды ауыстырғанда, әрқашан барлық жаңа және пайдаланылған батареяларды балалардан аулақ ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін батарея бөлімі толығымен қорғалғанына көз жеткізіңіз.
- Батарея бөлімін толығымен қорғау мүмкін болмаса, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз. Балалардан аулақ ұстаңыз және өндірушіге хабарласыңыз



Бұл қос оқшаулауы бар II СЫНЫПТЫ құрылғы және қорғағыш жер қосылымы қамтамасыз етілмеген.

Өнімді күту

Өнімді тазалау үшін тек микрофибраны пайдаланыңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдарды және құрамдастарды пайдаланып жобаланған және өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнім 2012/19/EU еуропалық директивасымен қамтылатынын білдіреді.



Бұл таңба осы өнім кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын, 2013/56/EU еуропалық директивасымен қамтылған батареяларды қамтитынын білдіреді. Электр және электрондық өнімдерді және батареяларды жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге ешқашан қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығаруды батареяны орнату бөлімінде қараңыз.

Пайдаланушыларға арналған FCC сақтық ескертуі және ІС мәлімдесі (тек АҚШ және Канада)



FCC АҚПАРАТЫ

Ескерту:

- Бұл жабдықты радиатор және дене арасында 20 см минималды қашықтығын жасап орнату және пайдалану керек
- Бұл құрылғыға талаптарға сәйкестікке жауапты тараптың ашық бекітуінсіз енгізілген өзгертулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Бұл жабдық FCC ережелерінің 15-ші бөліміне сай сыналды және оның В сыныпты цифрлық құрылғылардың лимиттеріне сай екені анықталды. Бұл лимиттер тұрғын үйде орнатқанда зиянды кедергілерден тиісті қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл жабдық радио жиілікті энергияны тудырады, пайдаланады және тарата алады әрі нұсқауларға сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергілерді тудыруы мүмкін. Дегенмен, нақты орнату жағдайында кедергілер орын алмайтынына кепілдік жоқ. Бұл жабдық радио немесе теледидар сигналдарын қабылдауға зиянды кедергілерді тудырмаса (мұны жабдықты өшіріп, қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы кедергілерді түзетуге әрекеттену ұсынылады:

- Қабылдау антеннасының бағытын немесе орнын өзгертіңіз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.
- Көмек алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар технигіне хабарласыңыз.

Бұл құрылғы Канаданың Өнеркәсіп министрлігінің лицензиядан босату туралы RSS стандарттарына сай лицензиядан босатылған таратқыштарды/қабылдағыштарды қамтиды. Пайдалануға келесі екі шарт қолданылады:

1. Бұл құрылғы кедергілерді тудырмауы керек.
2. Бұл құрылғы кез келген кедергілерді, соның ішінде құрылғының қалаусыз жұмысын тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

Талаптарға сәйкестік

Бұл өнім Еуропалық Қауымдастықтың радио кедергілер туралы талаптарына сәйкес келеді.

Осымен, MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды.



Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтында таба аласыз.

2 Саундабарыңыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз, Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын алу үшін саундбарды www.philips.com/welcome бетінде тіркеңіз.

Негізгі блок

Бұл бөлім негізгі блокқа шолуды қамтиды.




- ① **⏻ (Күту режимі қосулы)**
Саундбарды қосыңыз немесе күту режиміне орнатыңыз.
- ② **⏻ (Source)**
Саундбардың кіріс көзін таңдау.
- ③ **- (Дыбыс деңгейі)**
Дыбыс деңгейін азайту.
- ④ **+ (Дыбыс деңгейі)**
Дыбыс деңгейін арттыру.

- ⑤ **Қашықтан басқару құралының датчигі**
- ⑥ **Дисплей тақтасы**

Сымсыз сабвуфер

Бұл бөлім сымсыз сабвуферге шолуды қамтиды:




- ① **Айнымалы ток ұяшығы**
Қуат көзіне қосу.
- ② **PAIR (ЖҰПТАСТЫРУ) түймесі**
Сабвуферді жұптастыру режиміне енгізу үшін басыңыз.
- ③ **Сабвуфер индикаторы**
 - Қуат қосылғанда, индикатор жанады.
 - Сабвуфер мен негізгі блок арасында сымсыз жұптастыру кезінде индикатор сарғылт түспен тез жыпылықтайды.
 - Жұптастыру сәтті орындалғанда, индикатор сарғылт түспен жанады.
 - Жұптастыру сәтсіз орындалса, индикатор салғылт түспен баяу жыпылықтайды.

Қашықтан басқару құралы

Бұл бөлім қашықтан басқару құралына шолуды қамтиды.

- ① **⏻ (Күту режимі қосулы)**
Саундбарды қосыңыз немесе күту режиміне орнатыңыз.
- ② **Source**
Саундбардың кіріс көзін таңдау.




- ③ **⏮ / ⏭ (Алдыңғы/Келесі)**
USB/BT режимінде алдыңғы немесе келесі трекке өту.
- ④ **⏮ ⏭ (Ойнату/Кідірту)**
USB/BT режимінде ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
Bluetooth режимінде жұптастыру функциясын белсендіру немесе бар жұптастырылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін басып, ұстап тұрыңыз.
- ⑤ **+/- (Дыбыс деңгейі)**
Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту.
- ⑥ **Mute**
Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- ⑦ **Диммер**
Саундбардың дисплей тақтасының жарықтығын орнату.
- ⑧ **Dolby (Dolby)**
Dolby функциясын ҚОСУ/ӨШІРУ.
- ⑨ **EQ**
Эквалайзер (EQ) әсерін таңдау.

- ⑩ **Bass**
Төменгі жиіліктерді реттеуді белсендіру.
- ⑪ **Treble**
Жоғарғы жиіліктерді реттеуді белсендіру.

Жалғағыштар

Бұл бөлім саундбарда қолжетімді жалғағыштарға шолуды қамтиды.




- ① **AC~**
Қуат көзіне қосу.
- ② **OPTICAL**
Теледидардағы немесе цифрлық құрылғыдағы оптикалық аудио шығысына қосыңыз.
- ③ **USB**
 - USB сақтау құрылғысынан аудио кірісі.
 - Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңартыңыз.
- ④ **AUX**
Аудио кіріс, мысалы, MP3 ойнатқышынан (3,5 мм ұяшық).
- ⑤ **HDMI OUT (ARC)**
Теледидардағы HDMI кірісіне қосылу.
- ⑥ **HDMI 1/ HDMI 2**
Теледидардағы HDMI кірісіне қосылу.
- ⑦ **Қабырға кронштейнінің ұяшығы**

Қашықтан басқару құралын дайындау

- Қамтамасыз етілген қашықтан басқару құралы құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.
- Тіпті қашықтан басқару құралын 19,7 фут (6 м) тиімді ауқымында пайдалануға болғанымен, құрылғы мен қашықтан басқару құралы арасында кез келген кедергілер болса, қашықтан басқару құралын пайдалану мүмкін емес болуы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралы инфрақызыл сәулелерді тудыратын басқа өнімдердің жанында пайдаланылса немесе құрылғы жанында инфрақызыл сәулелерді пайдаланатын басқа қашықтан басқару құрылғылары пайдаланылса, ол дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін. Әрі керісінше, басқа өнімдер де дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін.



Бірінші рет пайдалану:

Бұл құрылғыда алдын ала орнатылған CR2025 литий батареясы бар. Қашықтан басқару құралының батареясын белсендіру үшін қорғағыш ілмекті алып тастаңыз.



Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру

- Қашықтан басқару құралы CR2025, 3 В литий батареясын қажет етеді.
- 1 Батарея науасының шетіндегі ілмекті науаға қарай итеріңіз.
 - 2 Енді батарея науасын қашықтан басқару құралынан сырғытып шығарыңыз.
 - 3 Ескі батареяны шығарыңыз. Жаңа CR2025 батареясын батарея науасына көрсетілгендей дұрыс полюспен (+/-) салыңыз.
 - 4 Батарея науасын қашықтан басқару құралындағы ұяшыққа қайтадан сырғытып кіргізіңіз.




Батареяларға қатысты сақтық ескертулер

- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы (бір айдан көбірек) пайдаланылмайтын болса, сұйықтық жылыстауын болдырмау үшін батареяны қашықтан басқару құралынан шығарыңыз.
- Батареялардан сұйықтық ақса, батарея бөлімі ішіндегі аққан сұйықтықты сүртіп алып, батареяларды жаңаларымен ауыстырыңыз.
- Көрсетілгеннен басқа ешбір батареяларды пайдаланбаңыз.
- Батареяларды қыздырмаңыз немесе бөлшектемеңіз.
- Оларды отқа немесе суға ешқашан лақтырмаңыз
- Батареяларды басқа металл заттармен бірге алып жүрмеңіз немесе сақтамаңыз. Бұлай істеу батареялардың қысқа тұйықталуына, сұйықтығының ағуына немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
- Қайта зарядталатын түрге жататынына көз жеткізбей, батареяны ешқашан зарядтамаңыз.

Орналастыру

Сабвуферді саундбардан кемінде 1 метр (3 фут) және қабырғадан он сантиметр қашықтықта орналастырыңыз.

Ең жақсы нәтижелер алу үшін сабвуферді төменде көрсетілгендей орналастырыңыз.



3 Қосу

Бұл бөлім саундбарды теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, содан кейін оны реттеуге мүмкіндік береді. Саундбардың және аксессуарлардың негізгі қосылымдары туралы ақпаратты қысқаша бастау нұсқаулығында қараңыз.

Ескертпе

- Идентификацияны және қуат көзінің көрсеткіштерін өнімнің артқы немесе төменгі жағындағы түр тақтайшасында қараңыз.
- Кез келген байланыстарды орнату немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.

Dolby Atmos®

Dolby Atmos бас үстіндегі дыбыс арқылы сізде бұрын ешқашан болмаған тамаша тәжірибені әрі Dolby дыбысының бүкіл байлығын, анықтығын және қуатын береді.

Dolby Atmos функциясын пайдалану үшін®

Dolby Atmos® тек HDMI режимінде қолжетімді. Қосу туралы мәліметтерді «**HDMI қосылымы**» бөлімінде қараңыз.

- 1 Dolby Atmos функциясын® HDMI 1/HDMI 2/HDMI ARC режимінде пайдалану үшін теледидарыңыз Dolby Atmos функциясын қолдауы керек®.
- 2 Қосылған сыртқы құрылғының (мысалы, Blu-ray DVD ойнатқышы, теледидар, т.б.) цифрлық аудио шығысында биттер ағыны үшін «No Encoding (Кодтаусыз)» параметрі таңдалғанын тексеріңіз.
- 3 Dolby Atmos/Dolby Digital/PCM пішіміне кіру кезінде саундбарда DOLBY ATMOS/DOLBY AUDIO/PCM AUDIO жазуы көрсетіледі.

Ескертпе


- Толық Dolby Atmos тәжірибесі саундбар көзге HDMI 2.0 кабелі арқылы қосылған кезде ғана қолжетімді.
- Басқа әдістер (мысалы, цифрлық оптикалық кабель) арқылы қосылған болса, саундбар әлі де жұмыс істейді, бірақ бұлар кейбір Dolby мүмкіндіктерін қолдамайды. Сондықтан, Dolby функциясын толық қолдауды қамтамасыз ету үшін HDMI арқылы қосылу ұсынылады.

HDMI (ARC) ұяшығына қосылу

Кейбір 4K HDR теледидарлары HDR мазмұнын қабылдау үшін HDMI кіріс немесе сурет параметрлерінің орнатылуын қажет етеді. HDR дисплейін реттеу туралы қосымша мәліметтерді теледидардың пайдалану нұсқаулығында қараңыз.

1-опция: ARC (Audio Return Channel)

Саундбарыңыз Audio Return Channel (ARC) бар HDMI ұяшығын қолдайды. Теледидарыңыз HDMI ARC үйлесімді болса, сіз бір HDMI кабелін пайдалана отырып саундбар арқылы теледидар аудиосын тыңдай аласыз.




- 1 High Speed HDMI кабелін пайдаланып, саундбардағы **HDMI OUT (ARC)-TO TV** жалғағышын теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышына қосыңыз.
 - Теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышы басқаша белгіленген болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

Ескертпе

- Теледидарыңыз HDMI-CEC және ARC функцияларын қолдауы керек. HDMI-CEC және ARC функцияларын On (Қосулы) күйіне орнату керек.
- HDMI-CEC және ARC функцияларын реттеу әдісі теледидарға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. ARC функциясы туралы мәліметтер алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- ARC функциясын HDMI 1.4 үйлесімді кабельдер ғана қолдайды.


2-опция: Стандартты HDMI

Теледидарыңыз HDMI ARC үйлесімді болмаса, саундбарды теледидарға стандартты HDMI қосылымы арқылы қосыңыз.



- 1 Саундбардың HDMI OUT ұяшығын теледидардың HDMI IN ұяшығына қосу үшін HDMI кабелін (қамтылған) пайдаланыңыз.
- 2 Саундбардың HDMI IN (1 немесе 2) ұяшығын сыртқы құрылғыларға (мысалы, ойын консольдері, DVD ойнатқыштары және Blu-ray) қосу үшін HDMI кабелін (қамтылған) пайдаланыңыз.



Оптикалық ұяшыққа қосылу



- 1 Оптикалық кабельді пайдаланып, саундбардағы **OPTICAL** жалғағышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** жалғағышына қосыңыз.
 - Цифрлық оптикалық жалғағыш **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** деп белгіленуі мүмкін.

AUX ұяшығына қосылу

- 3,5 мм - 3,5 мм аудио кабелін (қамтылған) теледидардың құлаққап ұяшығын құрылғыдағы AUX ұяшығына қосу үшін пайдаланыңыз.



- RCA - 3,5 мм аудио кабелін (қамтылмаған) теледидардың аудио шығыс ұяшықтарын құрылғыдағы AUX ұяшығына қосу үшін пайдаланыңыз.

Қуатқа қосылу

- Айнымалы ток қуат сымын қосу алдында барлық басқа қосылымдарды орнатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- **Өнімнің зақымдалу қаупі бар!** Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы немесе төменгі жағында басылған кернеуге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

- Желілік кабельді құрылғының айнымалы ток ұяшығына, содан кейін розеткаға қосыңыз.
- Желілік кабельді сабвуфердің айнымалы ток ұяшығына, содан кейін розеткаға қосыңыз.
- * Қуат сымының өлшемі және аша түрі аймақтарға қарай өзгеріп отырады.

Сабвуфермен жұптастыру

Автоматты жұптастыру

Саундбарды және сабвуферді розеткаға қосыңыз, содан кейін құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында [button] түймесін құрылғыны **ОН (ҚОСУЛЫ)** режиміне ауыстыру үшін басыңыз.

Сабвуфер және саундбар автоматты түрде жұптастырылады.

- Сабвуфер саундбармен жұптастырылып жатқанда, сабвуфердегі **Pair (Жұптастыру)** индикаторы тез жыпылықтайды.
- Сабвуфер саундбармен жұптастырылған болса, сабвуфердегі жұптастыру индикаторы тұрақты түрде жанады.
- Сабвуфердің артқы жағындағы Pair (Жұптастыру) түймесін тек қолмен жұптастыру үшін басыңыз.



Қолмен жұптастыру

Сымсыз сабвуферден аудио естілмесе, сабвуферді қолмен жұптастырыңыз.

- 1 Құрылғыларды розеткалардан қайтадан ажыратыңыз, содан кейін оларды 3 минуттан кейін қайтадан розеткаға қосыңыз.
- 2 Сабвуфердің артқы жағындағы **PAIR (ЖҰПТАСТЫРУ)** түймесін бірнеше секунд бойы басыңыз.
↳ Сабвуфердегі жұптастыру индикаторы тез жыпылықтайды.
- 3 Содан кейін құрылғыны қосу үшін құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында [button] түймесін басыңыз.
↳ Сәтті болса, сабвуфердегі **Pair (Жұптастыру)** индикаторы тұрақты түрде жанады.
- 4 Жұптастыру индикаторы әлі жыпылықтап тұрса, 1-3 қадамдарын қайталаңыз.

Кеңес

- Сабвуфер саундбардан 6 м аралығында, ашық аумақта болуы керек (неғұрлым жақынырақ болса, соғұрлым жақсырақ).
- Сабвуфер және саундбар арасындағы кез келген нысандарды алып тастаңыз.
- Сымсыз желіге қосылу қайтадан сәтсіз аяқталса, орынның айналасында қайшылық немесе күшті кедергілер (мысалы, электрондық құрылғыдан кедергілер) бар-жоғын тексеріңіз. Осы қайшылықтарды немесе күшті кедергілерді кетіріп, жоғарыдағы процедураларды қайталаңыз.
- Негізгі блок сабвуферге қосылмаған болса және ол **ОН (ҚОСУЛЫ)** режимінде болса, дисплейде «CHECK SUBWOOFER (САБВУФЕРДІ ТЕКСЕРІҢІЗ)» жазуы көрсетіледі және сабвуферде жұптастыру индикаторы баяу жыпылықтайды.

4 Саундбарды пайдалану

Бұл бөлім қосылған құрылғылардан аудионы ойнату үшін саундбарды пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқаша бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажетті қосылымдарды орнатыңыз.
- Басқа құрылғылар үшін саундбарды дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Қосу және өшіру

- Құрылғыны розеткаға бірінші рет қосқанда, құрылғы КҮТУ режимінде болады. КҮТУ режимінің индикаторы қызыл түспен жанады.
- Құрылғыны ҚОСУ немесе ӨШІРУ үшін қашықтан басқару құралында [button]  түймесін басыңыз.
- Құрылғыны толығымен өшіргіңіз келсе, ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Егер теледидар немесе сыртқы құрылғы (тек AUX ұяшығы үшін) қосылған болса, құрылғы теледидар немесе сыртқы құрылғы қосылғанда автоматты түрде қосылады.

Автоматты күту режимі

Теледидар немесе сыртқы құрылғы ажыратылса, өшсе, құрылғы шамамен 15 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде ауысады.

- Құрылғыны толығымен өшіру үшін розеткадан ашаны суырыңыз.
- Пайдаланып жатпағанда, қуатты үнемдеу үшін құрылғыны өшіріңіз.

Режимдерді таңдау

- 1 Құрылғыда [button]  түймесін қайта-қайта басып немесе қашықтан басқару құралында **Source** түймесін басып, **AUX, OPTICAL, HDMI ARC, HDMI 1, HDMI 2, BT, USB** режимін таңдаңыз.
↳ Таңдалған режим дисплейде көрсетіледі.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін **Vol+ / Vol- (Volume)** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты өшіру үшін **Mute** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты қалпына келтіру үшін **Mute** түймесін қайтадан басыңыз немесе **Vol+ / Vol- (Volume)** түймесін басыңыз.

Эквалайзер (EQ) әсерін таңдау

Бейнеге немесе музыкаға сай алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- 1 Қалаған алдын ала орнатылған эквалайзер әсерлерін таңдау үшін қашықтан басқару құралында **EQ** түймесін басыңыз: **Фильм/ музыка/жаңалықтар**:
 - **Фильм** - фильмдерді көру үшін
 - **Музыка** - музыканы тыңдау үшін
 - **Жаңалықтар** - жаңалықтарды тыңдау үшін

Төменгі жиіліктер/ жоғарғы жиіліктер деңгейін реттеу

Төменгі жиіліктер деңгейін реттеу

- 1 Төменгі жиіліктер деңгейі параметрін белсендіру үшін қашықтан басқару құралында **Bass** түймесін басыңыз.
↳ Дисплейде **BASS** жазуы көрсетіледі.
- 2 Төменгі жиіліктер деңгейін реттеу үшін **Vol+ / Vol-** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ $bass + 5 / bass - 5$

Жоғары жиіліктер деңгейін реттеу

- 1 Жоғары жиіліктер деңгейі параметрін белсендіру үшін қашықтан басқару құралында **Treble** түймесін басыңыз.
↳ Дисплейде **TREB** жазуы көрсетіледі.
- 2 Жоғарғы жиіліктер деңгейін реттеу үшін **Vol+ / Vol-** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ **treble + 5 / treble - 5**

Ортаңғы дыбысты реттеу

- 1 Ортаңғы дыбыс деңгейі параметрін белсендіру үшін қашықтан басқару құралында **Treble** түймесін басыңыз.
↳ Дисплейде **CEN** жазуы көрсетіледі.
- 2 Ортаңғы дыбыс деңгейін реттеу үшін **Vol+ / Vol-** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Шамамен 5 секундтан кейін құрылғы төменгі жиіліктер/ортаңғы/төменгі жиіліктер параметрінен шығады.
↳ Дисплей қазіргі уақытта таңдалған режимді көрсетеді.
↳ Енді дыбыс деңгейін реттеу үшін **Vol+ / Vol-** түймесін баса аласыз.

Dolby sound режимі

Dolby sound режимдері арқылы иммерсивті аудио тәжірибесін алыңыз.

- 1 Dolby режимін қосу немесе өшіру үшін қашықтан басқару құралында [button]  түймесін басыңыз.
 - **Қосулы:** Dolby тыңдау тәжірибесін жасау.
 - **Өшірулі:** екі арналы стерео дыбыс. Музыканы тыңдау үшін тамаша.
- HDMI1, HDMI2, ARC емес күйде болса, осы  түймені бассаныз, құрылғы дисплейі дисплейде **NOT SUPPORTED IN THIS SOURCE (БҰЛ КӨЗДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛМЕЙДІ)** жазуын айналдырады.

Дисплей жарықтығын орнату

Осы өнімдегі дисплей тақтасының әртүрлі жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **Dimmer (Диммер)** түймесін қайта-қайта басуға болады.

Bluetooth функциясын пайдалану

Bluetooth арқылы саундбарды Bluetooth құрылғысына (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефоны немесе ноутбук) қосыңыз, содан кейін құрылғыда сақталған аудио файлдарын саундбар үндеткіштері арылы тыңдауға болады.

Сізге не керек

- A2DP және AVRCP Bluetooth профильдерін қолдайтын және Bluetooth 4.2 + EDR нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Саундбар мен Bluetooth құрылғысы арасындағы максималды жұмыс ауқымы шамамен 10 метрді (30 фут) құрайды

- 1 Құрылғыда [put button icon here]  түймесін қайта-қайта басып немесе қашықтан басқару құралында **Source** түймесін басып, саундбарды Bluetooth режиміне ауыстырыңыз.
↳ **NO BT** дисплей тақтасында көрсетіледі.

- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, қосылуды бастау үшін **PHILIPS TAPB603** құрылғысын іздеп, таңдаңыз (Bluetooth функциясын қосу жолын Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз).
- 3 Саундбарда дауыстық нұсқауды естігенше күтіңіз.
↳ Сәтті қосылса, дисплей тақтасында **BT** жазуы көрсетіледі
- 4 Bluetooth құрылғыңызда аудио файлдарын таңдаңыз және ойнатыңыз.
 - Ойнату кезінде қоңырау келсе, музыканы ойнату кідіріледі. Ойнату қоңырау аяқталғанда жалғасады.
 - Bluetooth құрылғыңыз AVRCP профилін қолдаса, қашықтан басқару құралында **⏮ / ⏭** түймесін бір трекке өту немесе **▶ II / Pair (Жұптастыру)** түймесін ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін баса аласыз.

- 5 Bluetooth режимінен шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.
 - Bluetooth режиміне қайта ауысқанда, Bluetooth байланысы белсенді болып қалады.

Ескертпе

- Музыканы ағындатуды қабырға, құрылғыны жауып тұрған металл корпус немесе маңайдағы бірдей жиілікте жұмыс істейтін басқа құрылғылар сияқты құрылғы мен саундбар арасындағы бөгеттер үзуі мүмкін.
- Саундбарды басқа Bluetooth құрылғысына қосқыңыз келсе, қазіргі уақытта қосылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін қашықтан басқару құралында ► **II/PAIR (ЖҰПТАСТЫРУ)** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

AUX / OPTICAL / HDMI ARC ұяшықтарын пайдалану

Құрылғы немесе теледидарға немесе аудио құрылғыға қосылғанына көз жеткізіңіз.

- 1 Құрылғыда [button]  түймесін қайта-қайта басып немесе қашықтан басқару құралында **Source** түймесін басып, **AUX, OPTICAL, HDMI ARC, HDMI 1, HDMI 2** режимін таңдаңыз.
- 2 Ойнату мүмкіндіктері үшін аудио құрылғыны тікелей пайдаланыңыз.
- 3 Дыбыс деңгейін қалаған деңгейге реттеу үшін **VOL +/-** түймелері дыбыс деңгейін қалаған деңгейге реттеуге арналған.

Кеңес

- OPTICA HDMI ARC режимінде болғанда, құрылғыдан дыбыс шықпаса және күй индикаторы жыпылықтаса, көз құрылғыда (мысалы, теледидар, DVD немесе Blu-ray ойнатқышы) **PCM** немесе **Dolby Digital** сигнал шығысын белсендіру керек болуы мүмкін.
- Құрылғы кіріс көзінен келетін кейбір. цифрлық аудио пішімдерін кодсыздандыра алмауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғының дыбысы өшпейді. Бұл ақау EMEC. Кіріс көзінің (мысалы, ойын консолі, DVD ойнатқышы, т.б.) аудио параметрі HDMI 1/ HDMI 2/HDMI ARC/оптикалық кірісі бар PCM немесе Dolby Digital деп орнатылғанына көз жеткізіңіз. (Кіріс көз құрылғының аудио параметрі туралы мәліметтерін пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз).
- HDMI режимінде, DOLBY ATMOS аудио пішіміне кіргенде, саундбардың дисплейінде DOLBY ATMOS жазуы көрсетіледі.
- DOLBY DIGITAL аудио пішіміне кіргенде, саундбар дисплейінде DOLBY AUDIO жазуы көрсетіледі.
- PCM аудио пішіміне кіргенде, саундбардың дисплейінде PCM AUDIO жазуы көрсетіледі.
- PCM немесе DOLBY DIGITAL емес аудио пішімдеріне кіргенде, құрылғыдан дыбыс шықпаса, дисплейде NO SUPPORT (ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛМЕЙДІ) жазуы көрсетіледі.

USB функциясын пайдалану

MP3 ойнатқышы және USB флеш жады, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысындағы аудионы тыңдаңыз.

- 1 USB құрылғысын қосыңыз.
- 2 Құрылғыда [button]  түймесін қайта-қайта басып немесе қашықтан басқару құралында **Source** түймесін басып, **USB** режимін таңдаңыз.
- 3 Ойнату кезінде:

Түйме	Әрекет
▶	Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
◀◀/▶▶	Алдыңғы немесе келесі трекке өту.

Кеңес

- Құрылғы жады 32 ГБ-қа дейінгі USB құрылғыларын қолдайды.
- Бұл құрылғы MP3/WAV/WMA файлдарын ойната алады.
- USB портын қолдайды: 5 В $\pm$ 5%, 500 мА.


5 Қабырғаға бекіту

Ескертпе

- Қабырғаға тиісті емес бекіту сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Кез келген сұрауыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Қабырғаға бекіту алдында қабырға саундбардың салмағын ұстап тұра алатынын тексеріңіз.
- Қабырғаға бекіту алдында саундбардың төменгі жағындағы төрт резеңке табанды алмау керек, әйтпесе резеңке табандарды қайтадан бекіту мүмкін болмайды.

Бұранда ұзындығы/диаметрі

Саундбардың қабырғаға бекіткіш түріне байланысты, ұзындығы және диаметрі қолайлы бұрандаларды пайдаланыңыз.



Саундбарды қабырғаға бекіту жолы туралы қысқаша бастау нұсқаулығындағы суретті қараңыз.

- 1) Қабырғада екі тесікті бұрғылаңыз.
- 2) Дюбельдерді және бұрандаларды тесіктерде бекітіңіз.
- 3) Саундбарды бекіту бұрандаларында іліңіз.

6 Өнімнің техникалық сипаттамалары



Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Bluetooth/сымсыз желі

- Bluetooth профильдері: A2DP, AVRCP
- Bluetooth нұсқасы: 4.2 + EDR
- Жиіліктер диапазоны/шығыс қуат: 2402 МГц ~ 2480 МГц / ≤ 2 дБм
- 5,8 Г сымсыз жиіліктер ауқымы: 5730 МГц - 5845 МГц
- 5,8 Г сымсыз желісінің максималды қуаты: 6 дБм

Негізгі блок

- Қуат көзі: 100-240 В ~ 50/60 Гц
- Үндеткіштің макс. шығыс қуаты: 25 Вт x 4 + 50 Вт x 2
- Қуатты тұтыну: 25 Вт
- Күту режиміндегі тұтыну: $< 0,5$ Вт
- USB: 5 В === 500 мА
- Жиілікке қатысты сипаттама: 120 Гц - 20 кГц
- Аудио кіріс сезімталдығы (AUX): 500 мВ
- Үндеткіштердің кедергісі: 8 Ом x 2 + 4 Ом
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 950 x 75 x 134 мм
- Салмағы: 3,2 кг
- Жұмыс температурасы: 0°C-45°C

Сабвуфер

- Қуат көзі: 100-240 В ~, 50-60 Гц
- Шығыс қуат: 120 Вт
- Қуатты тұтыну: 20 Вт
- Күту режиміндегі қуатты тұтыну: $< 0,5$ Вт
- Жиілікке қатысты сипаттама: 40 Гц - 120 Гц
- Кедергі: 3 Ом
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 150 x 412 x 310 мм
- Салмағы: 5,7 кг
- Жұмыс температурасы: 0°C-45°C

Қашықтан басқару құралы

- Қашықтық/бұрыш: 6 м/30°
- Батарея түрі: CR2025

Қолдау көрсетіледі

- **HDMI ARC:**
Dolby Digital, Dolby Digital plus, LPCM 2ch
- **HDMI IN1/IN2:**
Dolby Digital, Dolby Digital plus, Dolby True HD, Dolby Atmos, LPCM 2ch
- **OPTICAL:**
Dolby Digital, Dolby Digital plus, LPCM 2ch
- **BLUETOOTH:**
SBC
- **USB:**
MP3, WAV, WMA

7 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Кепілдікті жарамды күйде сақтау үшін өніміңізді өз бетіңізге жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз. Осы өнімді пайдалану кезінде мәселелер болса, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз.

Әлі мәселеңіз боса, www.philips.com/welcome бетінде қолдау алыңыз.

Қуат жоқ

- Айнымалы ток сымы тиісті түрде қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Айнымалы ток розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Саундбарды қосу үшін қашықтан басқару құралында немесе саундбарда күту режимі түймесін басыңыз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін арттыру. Қашықтан басқару құралында немесе саундбарда Volume Up түймесін басыңыз.
- Саундбардың дыбысы өшірулі емес екеніне көз жеткізу үшін қашықтан басқару құралында MUTE түймесін басыңыз.
- Басқа кіріс көзін таңдау үшін Source түймесін басыңыз.
- Цифрлық кірістің біреуін пайдаланғанда, аудио болмаса:
 - Теледидар шығысын PCM етіп орнатып көріңіз немесе
 - Тікелей Blu-ray/басқа көзге қосылыңыз, кейбір теледидарлар цифрлық аудио арқылы өтуді қолдамайды.

- Теледидарды айнымалы аудио шығысына орнатуға болады. Аудио шығысы параметрі VARIABLE (АЙНЫМАЛЫ) емес, FIXED (БЕКІТІЛГЕН) немесе STANDARD (СТАНДАРТТЫ) деп орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егжей-тегжейлі ақпаратты теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Bluetooth функциясын пайдаланып жатсаңыз, көз құрылғыдағы дыбыс деңгейі жоғарылатылғанына және құрылғы дыбысы өшірілмегеніне көз жеткізіңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Кез келген ойнатуды басқару түймесін басу алдында, дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасындағы қашықтықты азайтыңыз.
- Батареяны полюстарын көрсетілгендей (+/-) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын тікелей құрылғы алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Bluetooth құрылғымда Bluetooth тауын таба алмадым

- Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясы белсендірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз.

Бұл 15 минутқа қуатты өшіру функциясы, ол ERP II стандартының қуатты үнемдеуге қойылатын талаптарының бірі

- Құрылғының сыртқы кіріс сигналының деңгейі тым төмен болса, құрылғы 15 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі. Сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін арттырыңыз.

Сабвуфер жұмыс істемей тұр немесе сабвуфердің индикаторы жанбайды

- Қуат сымын розеткадан ажыратыңыз және сабвуферді қайта іске қосу үшін оны 3 минуттан кейін розеткаға қайтадан қосыңыз.



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc иелік ететін тіркелген сауда белгілері болып табылады.

HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Dolby Laboratories лицензиясы бойынша өндірілген. Dolby, Dolby Audio және қос D таңбасы Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері болып табылады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және олардың жауапкершілігі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

